

## **Балықты ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге атаулар беру туралы**

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Балықты ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 наурыздағы № 15 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 наурызда № 4937 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және 2017 жылғы 22 желтоқсандағы Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Балықты ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

**Ескерту. Кіріспеге орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округ әкімінің 10.12.2019 № 70 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Балықты ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге келесі атаулар берілсін:

1) Балықты ауылдық округіне қарасты, Балықты ауылындағы атауы жоқ көшеге Нұршуақ атауы;

2) Балықты ауылдық округіне қарасты, Балықты ауылындағы атауы жоқ көшеге Бәйтерек атауы;

3) Балықты ауылдық округіне қарасты, Балықты ауылындағы атауы жоқ көшеге Желтоқсан атауы;

4) Балықты ауылдық округіне қарасты, Балықты ауылындағы атауы жоқ көшеге Наурыз атауы.

**Ескерту. 1-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округ әкімінің 10.12.2019 № 70 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округ әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы

республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Балықты ауылдық округ әкімінің 10.12.2019 № 70 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзырыма қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Балықты ауылдық округ әкімі*

*А. Уркембаев*